

ӘОЖ 7.072.2  
ҒТАМР 18.31.09

**ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕР БЕЙНЕЛЕРІ МЕН СУРЕТШІНІҢ ШЕБЕРЛІК  
ДЕҢГЕЙ ӨЛШЕМДЕРІ**

**Қ.Е. Ералин<sup>1</sup>, Ә.Қ. Сабырова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

**А.Қ. Ералина<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>*АӘУ, Шымкент қ.*

**Ғ.Қ. Ералина<sup>3</sup>**

<sup>3</sup>*ҚИПХДУ, Шымкент қ.*

**ИЗОБРАЖЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ СЦЕНЫ И УРОВНИ  
МАСТЕРСТВА ХУДОЖНИКА**

**Ералин К.Е.<sup>1</sup>, Сабырова А.К.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*МКТУ имени Х.А. Ясави, г. Туркестан,*

**Ералина А.К.<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>*РСИУ, г. Шымкент,*

**Ералина Г.К.<sup>3</sup>**

<sup>3</sup>*КИПУДН, г. Шымкент*

**IMAGE OF HISTORICAL STAGE AND THE ARTIST'S SKILLS LEVELS**

**K. Eralin<sup>1</sup>, A. Sabyrova<sup>1</sup>**

*IKTU named after Kh.A. Yassawi, Turkestan*

**A. Eralina<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>*RSIU, Shymkent*

**G. Eralina<sup>3</sup>**

<sup>3</sup>*PFKEPU, Shymkent*

**Аңдатпа**

Бұл мақалада бейнелеу өнерінде тарихи оқиғалар бейнеленген шығармалардың ерекшеліктері мен суретшінің шеберлік деңгейін анықтау, оның ішінде өнер сынына қатысты мәселелер қарастырылады. Суретшінің шеберлік деңгейін анықтау, өнер сыншысының жаңа туындымен қарым – қатынастағы көркемдік – талдаушылық қызметімен сипатталады. Суретші шеберлігі оның білімінің деңгейіне, шығармашылық әрекеттер мен тәжірибелік қызметтің іскерлігі мен дағдысына тікелей байланысты болады. Шығармашылық шеберлік суретшінің жаңа туынды жасау іс – әрекеттерін жоспарлау, құрастыру, үйлестірумен байланысты сипатталады. Сондай – ақ, мақалада өнер сыншысының қызметі үлкен екі бағытты қамтитындығы: біріншіден – «шығарманың көркемдік ерекшеліктерін талдау» болса, екіншіден – «суретшінің шығармашылық қызметін бағалау» болып анықталатындығы айтылады. Шығармашылық шеберлік суретшінің жаңа туынды жасау іс – әрекеттерін жоспарлау, құрастыру, үйлестірумен байланысты қарастырылады. Сонымен қатар, «шығармашылық қызмет», «шеберлік» «тарихи бейне» – ұғымдарына сипаттама беріледі. Кейбір картина белгілі бір тарихи дәуірдің тынысы мен келбетін білдірсе, Қазақстан бейнелеу өнерінде бір картина, белгілі бір тарихи кезеңді бейнелеген шығарма ретінде халыққа кеңінен танымал екендігі, қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** тарихи жанр, тарихи кезең, тарихи этап, логотип, тарихи оқиғалар, тарихи композиция, тарихи портрет, өлшем, баға, бағалау шығармашылығы.

**Аннотация**

Изображения исторической сцены и мастерство художника одним из актуальных проблем казахстанского искусствоведения. В статье раскрывается содержание картин которой изображения исторические этапы нашей страны. А также определяется мастерство художника по составлению

композиции, содержания и колорита картины. Определения уровня мастерство художника раскрывается критическими отношениями искусствоведа по работе художника в плане составления изобразительной исторической сцены. Одним из критериев определения мастерство художника это художественное – исторические образования которые необходимые качество которые нужные в процессе составления композиция об историческим прошлым в истории страны.

В статье раскрывается искусствоведческий анализ в двух направлениях: это во первых художественно – искусствоведческий анализ исторических картин которой составляет структуру в плане: идея картины, колорит картины, композиция и техники выполнения, во вторых анализ деятельности художников Казахстана в структуре реальности передачи исторической сцены, концептуальности композиционного решение. Кроме того в статье определяется смысловое содержание понятие как «творчество мастера», «мастерство», «художественный образ», «образ эпохи», «изображение истории».

**Ключевые слова:** исторический жанр, исторический период, исторический этап, логотип, исторические событие, историческая композиция, исторический портрет, измерения, художественные особенности, художественное качество, единство измерения, оценка, оценка деятельности.

#### Annotation

The images of historical stage and the artist's skill is one of the topical problems of Kazakhstan art history. The article reveals the features of paintings depicting the historical events of the country. And also the artist's skill in drawing up composition, content and color of the picture is determined. Definition of the artist's skill level is revealed by the critic's critical relationship with the artist's work in drawing up an iconic historical scene. One of the criteria for determining the artist's skill is an art – historical formation that is necessary in the process of drawing up the composition about the historical past of the country.

An art criticism analysis in two directions: first, artistic analysis of historical paintings that makes up the structure in terms of the painting idea, the painting coloring, composition and performance techniques; second, the activity analysis of Kazakhstan artists in the reality structure of historical scene and decision transmission is revealed in the article. In addition, the semantic content of the concept as «master's work», «skill», «artistic image», «image of the era», «image of history» is defined in the article.

**Key words:** historical genre, historical period, historical stage, logo, historical event, historical composition, historical portrait, dimensions, artistic features, artistic quality, unity of measurement, evaluation, evaluation of activities.

#### Кіріспе

Қазақ бейнелеу өнерінде тарихи оқиғалар бейнеленген шығармалар болғанымен, белгілі бір тарихи дәуір оқиғаларын бір картинаға сыйғызып бейнелеген картиналар сирек кездеседі. Тарихи бейне тарихта болғанадамдар мен құбылыстардың көркем образдары арқылы жасалған бейнелер жүйесінен құралады. Көркем образдармен жасалған бейне тарихи оқиғаны бейнелеу композиция, жарық пен көлеңке, перспектива заңдылықтарына сай жүзеге асырылады. Тарихибейне – тарихи оқиға көріністері бейнеленген шығарма. Тарихи бейне тарихи кезеңнің көріністерін бейнелейді. Кейбір картина белгілі бір тарихи дәуірдің тынысы мен келбетін білдіреді. Бұларда уақыт пен кеңістік белгілері, тұрмыстық көріністер, киім үлгілері молынан мағлұмат береді. Күн мезгілдері, территория мен өлке тынысынан белгі беріледі. Осылардың барлығы жинала келе, сол бір кезеңнің шынайы көркем образын қалыптастырады [1, 38 – 40 б].

#### Зерттеу әдістері

Тарихи кезеңді бейнелеуде маңызды орын алатын костюм. Костюмді бейнелеуде ұлттық сипатының берілуі маңызды көрсеткіш ретінде танылады. Костюмге қарап, суретшінің қай мезгілді, қай елді суреттеп отырғаны анық байқалады. Сонымен, тарихи шығармадағы маңызды көрініс арнаулы костюм және мамандық костюмінің бейнеленуі айқын әсер береді. Бұл оқиғаның сипатын, ел тарихындағы орнынтанып, тарихи сана қалыптастыруға ықпал етеді. Бір елдің тарихында бірнеше тарихи кезеңдер болса, сол тарихи кезең қазақ бейнелеу өнерінде де, бірнеше көркемдік, танымдық, тарихи – әлеуметтік кезеңдерге бөліп бейнеленген шығармалар жеткілікті болып саналады.

Суретші әрбір тарихи оқиғаны символ түрінде алып, белгілі бір композициялық құрылымға біріктіреді. Ұлы даланың кеңес дәуіріндегі тарихи кезеңдері қазақ бейнелеу өнерінде әртүрлі кезеңге бөлініп бейнеленген. Кеңес дәуіріндегі қазақ бейнелеу өнері шығармаларының мазмұнын сараптау нәтижесі бізге, оларды колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы, соғыстан соңғы халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың жерді игеру, космос дәуірі, ірі өнеркәсіптің дамуы кезеңдеріне бөлуге болатынын көрсетті [2,85 – 88 б].

Қазақстан бейнелеу өнерінде бір картина, белгілі бір тарихи кезеңді бейнелеген шығарма ретінде халыққа кеңінен танымал болғандары бар. Тәжірибеде бұл картина сол тарихи кезеңнің символы іспетті қабылданатын болған. Мысалы, суретші Алексей Степановтың «Жерпланетасынанкелгенадам» атты кескіндеме картинасы «Космос» кезеңінің басталғанын білдіретін символ ретінде танылады. Бұл картинаны көргенде космос корабльдері, тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин еске түседі. Картина мазмұны «Космос» дәуірінің бейнелік көрінісін білдіреді.

Картина тұтастай алып қарағанда «Космос» дәуірінің логотипі іспетті қабылданады. Логотип белгілі құбылысты, көріністер жинақтарын елестететін суретретінде қабылданады. Космосты насихаттайды, сол туралы ақпараттар береді. Жаңа бір тарихи дәуірдің басталғандығынан хабардар етеді. Адам мен космос дәуірінің ара қатынасы мәдениетінің жаңа сипатын көрсетеді. Суретші А. Степановтың «Жер планетасынан келген адам» атты картинасы қазақ бейнелеу өнеріндегі жарқын беттерін ашатын картина. Картинаның идеялық мазмұны– ұлы даладағы соны жаңалық космосты бейнелеу болып табылады.

Картина форматы квадрат көрінісіне ұқсас болып көрінеді. Бұл композицияға нақты бір жинақылықты бергендей әсер етеді. Квадрат форма ішінде шар пішінді жер шарының көрінісі елес береді. Осы көріністің алдында скафандр киген адам – космонавт бейнесі көрініс тапқан. Космонавт киген киім, пішіндері шағын формалар үндестігімен құрамдалған. Күн мен түн, аспан мен жер көріністері белгілі тұтастықты білдіреді. Дүниенің кезекпен келуін осы бірліктердің кезектесуі аңғартып тұрғандай.

Шығарманың түстер бірлестігінің шешімі – суық және жылы түстердің бірлігінен құрамдалатын аралас колоритке негізделген. Бояулар үндестігін бұлайша көрсету, өмір шындығын шынайы бейнелеуге негізделгенін көрсетеді. Бояулар үндестігі салтанатты, белгілі бір жеңісті пашеткендей әсер береді. Картинаны орындау техникасы майлы бояумен кенеп бетіне салынған суретекендігін білдіреді.

Жербетіндегі адамның басқа бір планетаға сапар шегуін суретшінің жаңалық ретінде ұсынуы, суреттегі планета көрінісінің бір жағының күн сәулесінің түсіп тұрған келбетінің бейнеленуімен, біржағының түн көрінісінің берілуі, суретшінің бір соны шешімі ретінде қабылданады. Қазақ бейнелеу өнеріне жаңа бір композициялық шешім әдісінің келгенін аңғартады.

Осындай әдіспен Қазақстанның халық суретшісі ӘбілханҚастеевтің «Колхоз тойы» атты кескіндемелік картинасында қазақ даласындағы «Колхоздастыру» кезеңі суреттелген. Қарағандылық суретші В. Крыловтың «Шахтерлерді майданға шығарып салу» атты картинасында «ҰлыОтан» соғысының басталу кезеңі суреттелген.

Соғыстан кейінгі жылдардағы халықтың жағдайы Қазақстанның халық суретшісі Қанапия Телжановтың «Ата – баба жерінде» атты кескіндемелік шығармасында көрініс тапқан. Шығарманың басты идеясы – тың жерді игеру болып анықталған. Суретші А. Евсеевтің «Шымкент фосфор зауыты» атты картинасы Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орындарының даму кезеңдерін суреттейтін көркем шығарма ретінде танылады. Суретшінің шеберлік деңгейі – өнер сынына қатысты өнертанымдық

мәселенің бірі. Суретшінің шеберлік деңгейі туралы академиялық білімдер болғанымен, оның өлшемдері, көрсеткіштері әліде толық анықтауды қажет етеді. Өнер шеберінің шығармашылық еңбегін оқып үйренуде, суретшінің шығармашылық деңгей көрсеткіштерінің қажеттігі мен оның тәжірибеде болмауы біздің, зерттеу проблемамызды «Суретшінің шеберлік деңгейін анықтау өлшемдері», – деп алуға мүмкіндік туғызды.

Суретшінің шеберлік деңгейін анықтау – өнертанымдық мәселе, оның ішінде өнер сынына қатысты мәселе. Суретшінің шеберлік деңгейін анықтау, өнер сыншысының жаңа туындысымен қарым – қатынастағы көркемдік – талдаушылық қызметі. Өнер сыншысының қызметі үлкен екі бағытты қамтиды. Олар, біріншіден – «Шығарманың көркемдік ерекшеліктерін талдау» болса, екінші бағыты – «Суретшінің шығармашылық қызметін бағалау» болып анықталады.

«Шығармашылық қызмет» – жаңа туынды жасауға бағытталған іс – әрекеттердің жүйесі болып табылады. «Шеберлік» – өнер шеберінің шығармашылық жұмысты орындаудың басынан аяғына дейін кезең, кезеңдерге бөліп орындау нәтижесімен сипатталады. Суретші шеберлігі оның білімінің деңгейіне, шығармашылық әрекеттер мен тәжірибелік қызметтің іскерлігі мен дағдысына тікелей байланысты болады. Шығармашылық шеберлік суретшінің жаңа туынды жасау іс – әрекеттерін жоспарлау, құрастыру, үйлестірумен байланысты сипатталады [3,45 – 87 б.].

### **Зерттеу нәтижелері**

Өнертанымдық әдебиеттер мен суретшілердің шығармашылық қызметін сараптау нәтижелері, суретшінің шығармашылық қызметін мынандай бағыттарға бөліп қарастыруға болатынын көрсетті:

Бірінші бағыт – өзінің шығармасында қандайда бір жаңашылдық көрсету – суретшінің басты шеберлік өлшемінің бірі болып табылады. Жаңашылдық картина форматына, идеясына, композициясына, колоритіне, орындау техникасы сияқты бағыттардың біріне айналуы мүмкін. Жаңашылдық көркемдік ерекшеліктердің біріне байланысты айқындалады.

Екінші бағыт – суретшінің қандайда бір материалды өңдеуі шебердің орындаушылық іс – әрекеттерімен сипатталады. Материалды өңдеу технологиясы бойынша жаңа бағыттар анықталады.

Үшінші бағыт бойынша – шебердің шеберлік өлшемдерінің бірі ретінде туындының даралық сипаты ескеріледі. Мысалы мұндай шығарма қатарына суретші Алексей Степановтың «Жер планетасынан келген адам» – атты шығармасын айтуға болады.

Төртінші бағыт бойынша – дайын шығармашылық жұмыстың ел ішіндегі, шет елдердегі көрмелерге қатысуы қажетті көркемдік деңгейді білдіретін өлшем ретінде алынады. Суретшінің шығармашылығы кейде ел ішінде танымал болуы, кейбірі алыс шетелде, кейбірі жақын шетелде танымал болады.

Бесінші бағыт мазмұны бойынша – шығармашылық шеберлік өлшемінің бірі – оның белгілі территорияда, өлкеде, ел ішінде танымал болуы маңызды көрсеткіш ретінде тануға болады. Мысалы, суретші Ерболат Төлепбай шығармалары әлемнің жүз отыз еліне танымал болуын айтуға болады.

Алтыншы бағыт – өнер адамын шығармашылық шеберлікке апаратын бірден – бір жолы – белгілі қоғамдағы көкейкесті проблемаға суретшінің алғашқылардың бірі болып үн қосуымен, өз пікірін шығармашылығы арқылы көрсетуімен байланысты. Мұндай шығармашылық қызмет қатарына суретшінің «Қазақ елі», «Ұлы

дала», «Ел тұтқалары» т.б. тақырыптар бойынша жазылған шығармалар мысал бола алады.

Жетінші бағыт – туындының идеялық мазмұнын анықтау шебердің шығармашылық деңгейіне баға беретін өлшем бірлігі ретінде танылады. Шығарманың идеялық мазмұны көркемдік ерекшелік болып анықталады.

Сегізінші бағыт – суретшінің шеберлік деңгейін көрсететін өлшемнің бірі – сюжет табу мен композиция құрау. Сюжет табу шығарманың көкейкесті мәселелерімен байланысты болуымен сипатталатын өлшем. Бұл көрсеткіштер шығарманың композициялық құрылымын анықтауға ықпал етеді.

Тоғызыншы бағыт – композицияның қызғылықты, тартымды болуы, қайталаулардың аз болып, көріністердің әсемдігі мен тартымдылығы суреткер шеберлігін айқындайтын өлшем бірлігі ретінде танылады.

Оныншы бағыт – кескіндемелік шығарманың колориттік шешімін табу суретшіден түстерді қабылдау, шығарма мазмұнына сай, бояу таңдаудан асқан шеберлікті талап ететін қызмет түрі. Картина түстерінің байлығы мен олардың қайталанбастығы суретші шеберлігінің бір ерекше бағытын анықтайтын өлшем.

Он бірінші бағыт – суретші шығарма тақырыбын анықтаумен байланысты – бейнелеу өнері шеберінің шығармашылық стилі анықталады. Бұл да бір – суретшінің шеберлік деңгейін көрсететін өлшем болып табылады.

Он екінші бағыт – материалды көркем өңдеу, тақырып анықтау, шығарма құрылымын табу, түстік үйлесімділікті табу іс – әрекеттерінің бір бағытта, яғни тұтастықта шешілуі шебердің ерекше де жоғары деңгейін анықтайды.

Он үшінші бағыт – жоғары орындаушылық шеберліктің өлшемдері болып – шығарма идеясы, шығарма колориті, орындаушылығы, тұтастығы, қайталанбастығы, жаңашылдығы, эксклюзивтілігі сияқты ерекше белгілермен өлшенуі тиіс болады.

Он төртінші бағыт – суретші шығармаларында ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғастығының сақталуы.

Қазіргі өнертанудың заманауи талаптарын ескеріп, өнерді талдау тәжірибесін сараптау нәтижелері, бейнелеу өнерінің шеберлерінің жаңа туындыларын бағалауда қолдануға болатын мына өлшемдер ұсынылады.

Бірінші өлшем – суретшінің өз шығармасында қандайда бір жаңашылдықты көрсетуі;

Екінші өлшем – шебердің бейнелеу материалын қолдану барысында жаңа технологияны қолдануы;

Үшінші өлшем – суреткер туындысындағы шығармашылық даралықтың болуы;

Төртінші өлшем – суретші туындысының алыс немесе жақын шетел көркемөнер көрмелеріне қатысқандығы.

Бесінші өлшем – шебердің белгілі территорияда, елде танымал болуы.

Алтыншы өлшем – суреткер ретінде елдегі, қоғамдағы көкейкесті мәселелерге дер кезінде өз шығармашылығы арқылы үн қосуы.

Жетінші өлшем – туындының идеялық мазмұнын анықтау шеберлігі.

Сегізінші өлшем – туындының сюжетін табу, композициясын құрастыруы.

Тоғызыншы өлшем – композицияның қызғылықты, тартымды болуы, қайталаудың болмауы.

Оныншы өлшем – картинадағы түстер, байлығы мен идеялық мазмұнның түстер үндестігі арқылы ашылуы.

Он бірінші өлшем – суретшінің шығармашылық стилінің болуы.

Он екінші өлшем – картина жазу барысында немесе мүсін жасауда шығармашылық бағыттағы проблемаларды кешенді түрде шеше білуі.

Он үшінші өлшем – тұтастық, қайталанбастық, даралық, жаңашылдық өлшемдерінің бір шығармада тұтастай көрінуі.

Он төртінші өлшем – ұлттық көркемдік шығармашылық дәстүрдің сақталуы, шығарманы ұлттық рухани құндылық ретінде бағалау қажеттігі.

Қорыта айтқанда, көрсетілген он төрт бағыт суретшінің шығармашылық қызметінің бағыттарын көрсетуге ұмтылыс жасалды. Бұл аталған бағыттар бірінің қызмет шеңберін, екіншілерінің қайталамайтын болғандықтан, оларды суретші шығармашылық шеберлік деңгейін көрсететін өлшем бірліктері ретінде алуға болады.

Суретшінің шеберлік деңгейін анықтауға қажетті көрсеткіштерінің болуы, суретшілер шығармаларына шынайы талдау жасауға, көркемдік құндылық тұрғысынан толықтай бағалауға мүмкіндік беретіндігі анықталды.

#### **Қорытынды**

Тарихи кезенді бейнелейтін шығармалар – қазақ бейнелеу өнері дамуының ерекше бір тақырыбы мен бағытын анықтайды. Тарихи кезенді шығармалар сол тарихи кезең оқиғалары мен ерекше тарихи құбылыстарды композиция, тұстану, перспектива құбылыстары арқылы бейнелеу жолымен сипатталады. «Космос» тақырыбы қазақ бейнелеу өнерінде өткен XX ғысырдың алпысыншы жылдарынан бастау алған ғарыш суреттерімен көрініс табады. «Ұлы Отан соғысы», «Тың жерді игеру» тақырыптары қазақ бейнелеу өнерінің өзіндік ерекшелігін анықтайтын тақырыптар ретінде танылады.

Қазақ бейнелеу өнерінде әрбір тарихи кезенді бейнелейтін тарихи тақырыптарға арналған картиналар бейнеленген тарихи жанр дамыған. Олар қазіргі кезде әрбір тарихи кезеңге сай қалыптасып, даму үстінде. Қазақ бейнелеу өнері шеберлерінің тарих тақырыбына қалам тартпағандары жоқ. Олардың арасында суретшілер Ә. Қастеев, Қ. Телжанов, В. Крылов, А. Степанов, И. Әубакиров, С. Евсеевтарды ерекше атауға болады [4,253 – 255 б]. Бұлар тарихи бейне тақырыбына қалам тартуда өзіндік жаңашылдығымен ерекшеленетін шығармалар болып табылады.

#### **Әдебиет:**

1. Изобразительное искусство Казахстана. Альбом. Москва.: Советский художник.– 1973. С. – 278 с илл.
2. Өнерліөлкесуретшілері. Алматы. Эффект ЖШС, 2008, – 200 б. илл.
3. Ералин Қ. Өнертанымдықдаярлық. А. Ясауиунив – теті, Түркістан, 2015. – 89 б.
4. ОңтүстікҚазақстан. Шығармашылзиялылар. Алматы, «Нұрлыәлем», 2001. – 320 б.